

ЕРЕСЕКТЕР МЕН БАЛАЛАРДА БАУЫР ФИБРОЗЫНЫҢ ТАРАЛУ ЖИЛІГІ

Досыбаева Г.Н.¹, Отумбаева Е.Т.²

1,2 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

Өзектілігі. Бауыр фиброзы-бұл уақтылы адекватты ем қабылдамаған кезде қайтымсыз жағдайға соғатын, жастар арасында кең таралған, сау гепатоциттің дәнекер тінге айналу процесі.

Мақсаты. Ультрадыбыстық диагностика арқылы бауырдың диффузды патологиясының таралу жиілігін анықтау.

Материал және әдістер. 2021 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың қаңтарға дейін 585 науқасқа іш қуысы органдарының ультрадыбыстық зерттеулеріне (УДЗ) сараптама жасалды. 20-65 жас аралығындағы 78% ересек адам, оның ішінде ерлер – 51,1%, әйелдер – 48,9%, 9-15 жас аралығындағы балалар 22%, оның ішінде ұлдар – 55%, қыздар – 45% талданды.

Зерттеу нәтижелері. Іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуіне талдау қорытындысы бойынша: зерттелген ересектердің 82%-да бауырдың фиброзды өзгерістері анықталды. Оның ішінде: 68%-стеатогепатозды гепатомегалия, 9,2%-гепатозды өзгерістер, 3,8%-гепатоспленомегалия гепатозды белгілерімен, 12,7%-бауыр паренхимасында гепатитке тән диффузды өзгерістер. Балаларда бауырды зерттеу бойынша: 56%-да гепатитке тән бауырдың паренхималық өзгерістері, 15% - да гепатоз белгілері анықталды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері өмір сүру сапасын және асқынулардың даму қаупін бағалауға мүмкіндік береді. Бауырдың фиброзды өзгерістері қазіргі уақытта жиі кездесетін, жас ерекшелігін таңдамайтын қауіпті індеттің белгісі.

Досыбаева Гульжан Нурбековна-медицина ғылымдарының докторы, профессор, «ЖТД-2» кафедрасының меңгерушісі, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ,
E-mail: gulzhandossybayeva@gmail.com, 8 7752203610

Отумбаева Енлик Тойлибековна-Медицина магистрі, «ЖТД-2» кафедрасының ассистенті, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ,
E-mail: enlik_otumbaeva@mail.ru1, 8 747 4978740.